



010000, Нұр-Сұлтан қ., Бейбітшілік к-сі, 11 үй
тел.: 55-66-31, 55-66-36, факс: 55-72-94

010000, г. Нур-Султан, ул. Бейбитшилик, 11
тел.: 55-66-31, 55-66-36 факс: 55-72-94

№
14.04.2021 № 4 гс

**Тұрақты комиссияның
2021 жылғы 14 сәуірдегі
қаулысы**

**«Нұр-Сұлтан қаласының Полиция
департаменті» ММ бөлімшесінің есірткі
құралдарының заңсыз айналымына
қарсы іс-қимылы және елордада есірткі
қылмысына қарсы қабылданып жатқан
шаралар бойынша есірткіге қарсы күрес
іс-шаралар өткізуі туралы**

«Нұр-Сұлтан қаласының Полиция департаменті» ММ бөлімшесінің есірткі құралдарының заңсыз айналымына қарсы іс – қимылы және елордада есірткі қылмысына қарсы қабылданып жатқан шаралар бойынша есірткіге қарсы күрес іс-шаралар өткізуі туралы» ақпаратты тыңдап және талқылай отырып, заңдылық, құқық тәртібі және жұртшылықпен жұмыс мәселелері жөніндегі тұрақты комиссия Нұр-Сұлтан қаласының Полиция департаменті (бұдан әрі - Департамент) елордада есірткі заттарының заңсыз айналымына байланысты қылмыс деңгейін төмендету бойынша белгілі бір жұмысты жүзеге асырылатынын атап өтті.

Департамент әртүрлі сайттарда, блогтар мен форумдарда есірткіні жарнамалау және насихаттау құралдары бойынша интернет арқылы есірткінің синтетикалық түрлерінің таралу фактілеріне дереу ден қою бойынша жұмыс жүргізеді.

Аудан әкімдіктерінде синтетикалық психобелсенді заттарды сату бойынша граффити суреттер, хабарландырулар, сайт жарнамаларын таратуға қатысы бар тұлғалар туралы ақпаратты оңдеу бойынша тұрғындармен, ПИК басшыларымен және коммуналдық қызметтермен кездесулер тұрақты негізде ұйымдастырылады.

Синтетикалық есірткі түрлерінің заңсыз жарнамасын таратуға қатысы бар адамдарды анықтау мақсатында келіп түскен ақпаратты мұқият талдау және зерделеу, сыртқы бақылау жүйелерін (тұрғын үйлердің кіреберістері мен аулаларында орналасқан бейнекамераларды) бейнетіркеу жүргізіледі.

Аудандық полиция бөлімдерінде есірткіні заңсыз жарнамалауға байланысты граффити суреттерін жою бойынша төрт жедел-тергеу тобы

құрылды, олардың құрамына учаскелік полиция инспекторлары, еріктілер және үкіметтік емес ұйымдардың мүшелері кіреді.

Тоқсан сайын Департаменттің Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының (бұдан әрі – ЕҚБ) және жергілікті полиция қызметінің (бұдан әрі-ЖПҚ) қызметкерлері есірткіні және психобелсенді заттарды тұтыну фактілеріне қатысты медициналық куәландыруға жеткізілетін адамдар бойынша Нұр - Сұлтан қаласы әкімдігінің Қалалық психикалық денсаулық орталығымен (бұдан әрі - ҚПДО) бірлесіп салыстыру тексерісін жүргізеді. Анықталған фактілер бойынша жүргізушілер автокөлік құралдарын басқару құқығынан айырылады, сондай-ақ ағыс қаруын алып жүру және сақтау құқығына берілген лицензиялар қайтарып алынады.

ҚР ДСМ Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Нұр-Сұлтан қаласы бойынша департаментімен бірлесіп, құрамында кодеині бар препараттарды фармацевтерге рецептсіз сату фактілерінің жолын кесу мақсатында фармацевтикалық және медициналық қызмет субъектілерін тексеру бойынша «Дәрмек» рейдтік іс-шаралары жүргізілуде.

2021 жылдың басынан 136 субъект тексерілді, оның ішінде - 115 дәріхана, 9 емдеу-профилактикалық мекеме.

Кәмелетке толмағандарды бұқаралық спорт түрлерімен айналысуға тарту үшін «АрқаALAN» ұлттық спорт түрлері орталығы, «Железнодорожный» тұрғын алабында техникалық шығармашылық орталығы ашылды және «AltynUrtaq» жобасы жүзеге асырылды.

Сонымен қатар, Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының заңдылық, құқық тәртібі және жұртшылықпен жұмыс мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы есірткіге тәуелді адамдардың санын азайтуға бағытталған, жүргізіліп жатқан профилактикалық іс-шараларға қарамастан, олардың саны жылдан жылға өсіп келе жатқанын атап өтеді.

Ағымдағы жылдың есепті кезеңінде есірткі және психобелсенді заттарды медициналық емес тұтыну фактілерін анықтау тұрғысынан медициналық куәландыруға 256 адам жеткізілді, оның ішінде 63 профилактикалық есепке қойылды.

Бірінші тоқсанның қорытындысы және, МТҚО мәліметтері бойынша есепте 1743 есірткі тұтынушы, оның ішінде 15-тен 17 жасқа дейінгі 11 кәмелетке толмаған бала есепте тұр.

Есірткі құралдары мен психотроптық заттарды пайдаланудан туындаған психикалық және мінез – құлықтық бұзылулармен (бұдан әрі-ПМБ) бастапқы сырқаттанушылықтың 2019 жылғы 100 мың тұрғынға шаққанда 37,5-тен 2020 жылы 44,6-ға дейін ұлғаюы, анықталудың 18,6% - ға ұлғаюы байқалады.

Тұтынылатын психоактивті заттар тұрғысынан «Синтетикалық есірткі» деп аталатын жаңа психоактивті заттарға тәуелді адамдар санының нақты өсу тенденциясы байқалады. Бұл контингент ересек тұрғындар арасында 1,5 есе өсті.

Есірткінің таралуы интернет арқылы жүзеге асырылып, негізінен жастарға бағытталғандығы алаңдаушылық туғызады.

Алайда, 14 жастан бастап және одан жоғары психоактивті заттарды тұтынушылар туралы ақпарат ұсынылмаған.

Елорда аумағында 2021 жылдың 3 айында «Синтетикалық есірткі түрлерімен» байланысты 36 есірткі қылмысы анықталды.

2020 жылы және ағымдағы жылдың 3 айында жедел-алдын алу іс-шараларын жүргізу кезінде астананың дәріханаларында құрамында кодеин бар дәрілік препараттарды дәрігердің рецептісіз өткізу фактілері анықталды, есірткі құралдарымен, психотроптық немесе улы заттармен жұмыс істеу қағидаларына байланысты 16 есірткі құқық бұзушылық анықталды.

Дәріхана ұйымдарының құрамында кодеин, тропикамид және трамадол бар дәрілік заттарды рецептісіз өткізуі бойынша 2012 жылдан бастап 2021 жылғы сәуірге дейінгі кезеңде 74 жеке және 24 заңды тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Көші-қон полициясы мигранттар ағынына тиісті түрде талдау жүргізбейді, бұл келушілердің есірткіні кедергісіз өткізуіне ықпал етуі мүмкін.

Осы уақытқа дейін Нұр-Сұлтан қаласында нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы іс-қимыл жөніндегі өңірлік бағдарлама жоқ.

Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасы қызметкерлерінің штат саны бойынша мәселе өткір тұр, ол 30 бірлікті құрайды, бұл өткізілетін іс-шаралармен бүкіл қаланы қамтуға мүмкіндік бермейді.

Нұр-Сұлтан қаласы әкімі аппаратының құқық қорғау органдарымен және терроризмге қарсы комиссиясымен жұмыс жөніндегі бөлімімен - Нұр-Сұлтан қаласында мемлекеттік органдардың нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы іс-қимылға бағытталған қызметін үйлестіру жөніндегі ведомствоаралық штабтың (бұдан әрі - ВАШ) жаңа құрамы бекітілмеген және бағдарлама тармақтарын іске асыру, жинақтау және уақтылы есептілікті ұсыну үшін жұмыс тобының жауапты орындаушылары анықталмаған, бұл тағы да көрсетеді, бұл бағыттағы жұмыс іс жүзінде жүргізілмейді.

Осы уақытқа дейін қаланың коммуналдық меншігіне қысқа мерзімде синтетикалық есірткінің түрін және оның аналогтарын белгілейтін «amaZonspeed» (Toхtуper) электр спрейімен ион тұзағы түріндегі масс-спектрометр жүйесінің аппаратын сатып алу мәселесі шешілмеген.

Қалада есірткі заттарын тұтынатын балалардың ата-аналарына психологиялық көмек көрсету бойынша жедел желі жоқ.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының заңдылық, құқық тәртібі және жұртшылықпен жұмыс мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. «Нұр-Сұлтан қаласының Полиция департаменті» ММ бөлімшесінің есірткі құралдарының заңсыз айналымына қарсы іс – қимылы және елордада есірткі қылмысына қарсы қабылданып жатқан шаралар бойынша есірткіге қарсы күрес іс-шаралар өткізуі туралы» ақпарат назарға алынсын.

2. Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігіне ұсынылсын:

Нұр-Сұлтан қаласында мемлекеттік органдардың нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы іс-қимылға бағытталған қызметін үйлестіру жөніндегі ведомствоаралық штабтың жұмысын күшейту, елорда халқын наркотизациялау проблемасын шешу жөніндегі жұмысты жандандыру;

қала азаматтарының қауіпсіздігі мақсатында қоғамдық көптік жүргізушілеріне есірткі қабылдауға бақылауды қалпына келтіру;

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ССО РМҚК филиалының Нұр-Сұлтан қаласы бойынша химиялық сараптама орталығы атынан атқарушы мемлекеттік органдардың теңгеріміне «amaZonspeed» (toxyper) жабдығын сатып алуға және жеткізу тетігіне қаржы қаражатын бөлу жөніндегі мәселені пысықтау;

«Үркер» тұрғын алабының халқын нашақорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша өткізілетін алдын алу іс-шараларымен қамту үшін Интернет өткізу жөніндегі мәселені пысықтау;

Нұр-Сұлтан қаласы әкімі аппаратының құқық қорғау органдарымен және лаңкестікке қарсы комиссиясымен жұмыс жөніндегі бөлімге тапсыру:

ағымдағы жылғы 12 мамырға дейінгі мерзімде 2021-2025 жылдар кезеңіне арналған «Нұр-Сұлтан - есірткісіз қала» өңірлік бағдарламасын енгізу және бекіту үшін оларды іске асыруға қажетті қаржыландыруды бөлуді ескере отырып, елорда аумағында есірткіге қарсы профилактикалық іс-шаралар өткізу жөнінде нақты ұсыныстар әзірлесін;

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты депутаттарының және ҮЕҰ өкілдерінің кандидатураларын енгізуді, сондай-ақ бағдарламаның тармақтарын іске асыруға, жинақтауға және уақтылы есептілікті ұсынуға жұмыс тобының жауапты орындаушыларын ескере отырып, қысқа мерзімде ВАШ-тың жаңа құрамы мен жұмыс жоспары бекітілсін;

есірткі және психобелсенді заттарды пайдалану жөніндегі тәуелді және тәуелді тұлғалармен жұмыс жөніндегі бірыңғай ақпараттық консультациялық «қол-орталық» алаңын құру.

білім беру ұйымдары, қала жастары арасында есірткінің зияны туралы ақпараттық-насихаттау қызметін жүргізу жөніндегі жұмысты жалғастыру;

нашақорлықпен ауыратындарға және есірткіні теріс пайдаланатын адамдарға қатысты емдеу және қалпына келтіру іс-шараларын жүзеге асыру жөніндегі жұмысты жалғастыру;

есірткі және психотроптық заттарды пайдаланудан туындаған психикалық және мінез-құлықтық бұзылулармен сырқаттанушылықтың наркологиялық есебін жүргізу;

нашақорлықпен ауыратын науқастардың отбасыларымен және туыстарымен психопрофилактикалық жұмыс үшін оларды нашақорлармен оңалту жұмысына қатысуға тарта отырып, ұйымдастырушылық алғышарттар жасау;

есірткіге тәуелді, емделуден жалтарып жүрген науқастар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

психобелсенді заттарды пайдаланған адамдармен жүргізілген емдеуді

бекітуге ықпал ететін медициналық-әлеуметтік оңалтуды одан әрі дамыту жөніндегі мәселені зерделеу;

кәмелетке толмағандар мен олардың ата-аналарына есірткіге байланысты проблемаларды шешуде әлеуметтік-психологиялық және құқықтық көмек көрсету;

балалары қиын жағдайда жүрген ата-аналарға нашақорлық және психологиялық көмек мәселелері бойынша жедел желі жұмысын күшейту.

3 Нұр-Сұлтан қаласының полиция Департаментіне ұсынылсын.

Астанада есірткі заттарының заңсыз айналымына байланысты қылмыс деңгейін төмендету бойынша қажетті тәжірибелік және ұйымдастырушылық шаралар қабылдау;

өткізілетін іс-шаралардың жоғары тиімділігіне қол жеткізу, Астанада есірткі заттарының заңсыз айналымына байланысты қылмыс деңгейін төмендету үшін қоғамдық құралымдарды белсенді тарту;

есірткі құралдарын өткізу, транзиттеу фактілерін анықтау жөніндегі жұмысты күшейту және есірткі құралдарын заңсыз өндірумен, сақтаумен, тасымалдаумен айналысатын жекелеген адамдар мен ұйымдардың қылмыстық іс-әрекетінің жолын кесу;

«Үркер» тұрғын үй алабын бейнебақылаумен жарақтандыру мәселесін зерделеу;

Нұр-Сұлтан қаласының мәслихатына есірткі заттарын тұтынушылардың жас құрылымы бойынша 14 жастан бастап және одан жоғары ресми статистиканы ұсыну;

тұрғын үйлердің қабырғаларында есірткі құралдарын жарнамалауға қарсы күрес жөнінде пәрменді шаралар қабылдау;

Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының штат санын ұлғайту жөніндегі мәселені шешу;

синтетикалық есірткі өндіруге арналған зертханаларды ашуды болдырмау үшін басқа елдерден әкелінетін жабдықты тіркейтін пошта операторлары мен операторлардың жұмысына талдау жүргізу;

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі «Астана» Медицина Университеті үшін радиобиология институтына сатып алған «amaZonspeed» (Тохтыгер) жабдығын пайдалану жөніндегі мәселені пысықтау.

4. Осы жылдың үшінші тоқсанында заңдылық, құқық тәртібі және жұртшылықпен жұмыс мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның отырысында осы қаулының орындалуы жөніндегі жауапты мемлекеттік органдардың есебі тыңдалсын.

**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының
заңдылық, құқық тәртібі және жұртшылықпен
жұмыс мәселелері жөніндегі тұрақты
комиссиясының төрағасы**



Т. Нәрікбаев